



ӘДЕБИЕТ  
12 **Өгей БАЛА**



ДЕНСАУЛЫҚ  
15 **Қызылша - алдын алсақ қана қауіпсіз**



ҰЛТТЫҚ КИМ  
16 **Ұлт айнасын ұлықтайық**

\*Атажұрт

## Мақтанышымыз еді ғой ЕЛТІРІ!..



Сурет интернет желісінен алынды

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМЫЗДА ҮЛКЕНДЕР ЖАҒАСЫ БҰЙРА ТОЛҚЫНДАЙ ҚҰЛПЫРҒАН, КҮНГЕ ШАҒЫЛЫСЫП, ЖАЛТ-ЖҰЛТ ЕТКЕН ӘСЕМ ТОН КИІП ЖҮРЕТІН. БАЛА БОЛСАҚ ТА ОНЫҢ СҰЛУЛЫҒЫНА СҮЙСІНЕ ҚАРАП, КӨЗ АЛМАЙТЫНБЫЗ. ӘДЕМІЛІККЕ ДЕГЕН АЛҒАШҚЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМЫЗ ДА СОЛ ҚАРАКӨЛ ЕЛТІРСІНЕН ТІГІЛГЕН ТОНДАРДАН БАСТАЛҒАНДАЙ КӨРІНЕТІН. ҚАЗІР ОЙЛАСАҚ, СОЛ КҮНДЕР ӨТКЕННІҢ ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІГІ ҒАНА БОЛЫП ҚАЛЫПТЫ. БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫ БАПТАЙ БІЛМЕЙ, БАРЫМЫЗДЫ БАЯНДЫ ЕТУГЕ ҰМТЫЛМАҒАНДЫҚТАН, БІР КЕЗДЕРІ АТЫ АЛЫСҚА КЕТКЕН ҚАРАКӨЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ТҰРАЛАП, ТАРИХТЫҢ ЕНШІСІНДЕ КЕТТІ. (Толығырақ 13-бетте)

\*Экология

## Орындалмай қалған уәде

ҚАЗАҚСТАН ӨЗ ЕГЕМЕНДІГІН АЛҒАН АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ ҚҰРЫЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДА ШТЕГЕДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ АЛҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БАР БОЛАТЫН. СОНЫҢ ІШІНДЕ ТҰРҒЫНДАР САУЛЫҒЫНА ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТЕТІН КӨМІРСУТЕГІ ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН ЗИЯНДЫ ФАКТОРЛАРДЫ МЕЙЛІНШЕ АЗАЙТУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ШАРАЛАР ДА БЕЛГІЛЕНГЕН ЕДІ. БІРАҚ ӨНІРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БҰЛ МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАРДЫҢ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН ОРЫНДАЛМАЙ ОТЫРҒАНЫ ҚЫНЖЫЛАТАДЫ.

(Толығырақ 14-бетте)



Коллажы жасаған: Дүррен МҰХАМБЕТАЛПЕВ

\*Жол құрылысы

## Аймақтың күретамыры: 2 жолақтыдан – 4 жолақтыға

АТЫРАУ–ДОССОР ТАС ЖОЛЫ 4 ЖОЛАҚТЫ БОЛЫП ӨЗГЕРТІЛЕДІ.

Осыған дейін облыс әкімі Серік Шәпкенов жауапты сала мамандарына Атырау–Доссор автожолына ерекше назар аударып, аталған жолдың жақсаруын жүйелі шешуді тапсырған болатын. Ұзындығы 86 шақырымды құрайтын тас жолдың бойында орналасқан ТШО, НКОК, ЭМГ, КРІ, Ескене газ өңдеу зауыты сияқты ірі кәсіпорындардың жүк ағынына байланысты көлік қозғалысы өте қарқынды. Жауапты маман иелері мәселені шешу мақсатында жүргізілетін отырған құрылысты алдағы 4 жылда аяқтауды жоспарлап отыр.

– Ақпанның аяғы, наурыз айында мердігер мекеме анықталады. Атырау – Доссор тасжолының құрылысы біткеннен кейін Құлсарының айналма жолы, Доссор – Құлсары ортасы, Құлсарыдан Маңғыстау облысының шекарасына дейінгі автожолдарды бірінші санатты төртжолақты жолға кеңейту жоспарымызда бар, - деді «ҚазАвтоЖол» ҰК Атырау облысы филиалының директоры Ардақ Қайреденов.

Осыған дейін облыс аймағындағы ұзындығы 277 шақырымды құрайтын Атырау–Астрахан тасжолы толық жаңартылып, қолданысқа берілді.

\*Көлеңке

## Ұрыға да жан керек

АТЫРАУДА МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БАРЫСЫНДА 6 ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ.

Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі Бауыржан Оңдасынның айтуынша, іс-шара барысында 450 жүк және жеңіл автокөлік, 95 ет өнімдерін сататын орын және 300-ден астам шаруа қожалығы тексерілді. Соның нәтижесінде мал мен ет өнімдерін құжатсыз тасымалдаудың 4, құжатсыз сатудың 2 фактісі анықталып, 6 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Осындай шаралардың бәрі мал ұрыларының аяғын аңдып басуына, заңсыз әрекет жасамауына себепкер болары анық.

– Мал ұрлығының алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Мұндай іс-шаралар заңсыз айналымның жолын кесуге және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, - деді Б.Оңдасын.

Бұдан бөлек қару сақтау талаптарын бұзудың 2 фактісі анықталып, 4 тіркелмеген атыс қаруы тәркіленді.

\*«Тұрмыс»

## Енді еркелікті ешкім көтермейді

АТЫРАУ АУМАҒЫНДА ӨТКЕН «ТҰРМЫС» ІС-ШАРАСЫ КЕЗІНДЕ 400-ГЕ ЖУЫҚ АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ. БҰЛ ЖАҒДАЙ ЕНДІ ЕРКЕЛІКТІ ЕШКІМ КӨТЕРМЕЙТІНІ БАЙҚАТСА КЕРЕК.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері үйлерді аралап, жанжал жиі болатын отбасыларды тексерді. Мұндай отбасылар қазір тұрақты бақылауға алынған. Осындай жұмыстардың нәтижесінде 364 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Олардың басым бөлігі отбасындағы тәртіпті бұзу, тыныштықты сақтамау және полиция талаптарына бағынбау деректері бойынша тіркелген. Сонымен қатар 93 қорғау нұсқамасы беріліп, 39 адамға сот арқылы ерекше талаптар қойылды. Яғни соның негізінде агрессия көрсеткен адамдардың жәбірленушіге жақындауына немесе байланыс орнатуына шектеу қояды.

– Басты мақсат – отбасындағы жанжалдың ушығып кетуіне жол бермеу. Осындай алдын алу шаралары арқылы көптеген жағдайдың алдын алуға болады, - деді ПД отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің аға инспекторы Айгерім Мұратова.

Бек АЙДАРӘЛИ